

Handwritten text on a piece of paper, possibly a document or letter, with some lines of text visible but mostly illegible due to blurring. The text appears to be organized into several lines or paragraphs.

Әулікөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің
«Әулікөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ
Көктал ауылдық кітапханасы

ГУ «Ауликольская районная централизованная библиотечная система»
отдела культуры и развития языков акимата Ауликольского района
Коктальская сельская библиотека

Тасболатов Ержігіт
Мұхамеджанұлының
«Ешкімге айтпаған сырларым»
Өлеңдер жинағы

2024 жыл

УДК 821(574)

ББК 91.9:83

Е 94

Құрастырушы:

Э. С. Таипова

Шығарылымға жауапты:

А. К. Мукушова

Қазақ тіліндегі мәтіннің корректоры:

Ұ. Қ. Балықбаева

Мұқабаны безендіру:

Н. П. Юрченко

Редактор:

С. Ж. Серкебаева

Көктал ауылдық кітапханасы Көктал ауылының ақыны Е. М. Тасболатовтың жазған өлеңдер жинағын дайындады.

Нұсқаулықта Е. М. Тасболатовтың өмірі мен шығармашылығы туралы ақпарат бар.

Коктальская сельская библиотека подготовила сборник стихов, написанный поэтом села Коктал, Тасболатовым Е. М.

Пособие содержит информацию о жизни и деятельности Тасболатова Е. М.

УДК 821(574)

ББК 91.9:83

Е 94

«Әуликөл орталықтандырылған
кітапханалық жүйесі» ММ

Құрастырушыдан

Мен әлі аты шулы ақын емен,
Доспын бірақ ақынның атыменен.
Жүрсем бірге, япыр-ау, жатсам жанда,
Қашпаса керек өлең заты менен...

Марфуға Айтқожина

Поэзия – сөз патшасы екендігін түсіне білген, шоқтығы биік, ақынның абыройын асыратын, талантына бас ұрғызатын, еліне елжіреген көңілін бүкпесіз жеткізетін, өз сөзі, өз ой-толғамы, түйіні бар ақындар қатарынан Тасболатов Ержігіт Мұхамеджанұлын көремін.

Тасболат шөбересі Ержігіттің бұл өлең жинағында әр жылдарда жазылған өлеңдері топтастырылған. Ержігіт ақынның табиғат, туған жер, Отан, отбасылық құндылықтар, махаббат, достық тақырыбындағы жырлары оқырманды бірден баурап алары анық.


Қоғамдағы оқиғалар мен заман ағысында болып жатқан жайттарға отансүйгіштік, ұлтжандылық, азаматтық көзқараспен жазылған өлеңдері ақынның ішкі жан толғанысын аңғартады.

Көктал ауылдық кітапханасы абзал да, жақсы адамдардың бірі ретінде – Ержігіт Мұхамеджанұлының өмірі мен шығармашылығы туралы «Ешкімге айтпаған сырларым» атты жеке өлеңдер жинағын дайындады. Қазіргі қазақ поэзиясының өкілі ретінде ақынның айтар ойы анық, өлеңдері оқуға жеңіл, көркем. Жинақ – көпшілік поэзия сүйер оқырманға арналған.


Жанға жылулық пен шуақ шашатын өлеңдеріңіз таусылмасын, жазарыңыз көп болсын! Қаламыңыз шыңдала берсін деймін!

Жинақтың басылымы – Көктал ауылдық кітапханасы үшін ғана емес, өлкеміздің барлық поэзия сүйер қауымы үшін де маңызды. Осы орайда жерлесіміздің, Әуликөл ауданының ақындарының шығармашылығын мүмкіндігінше көпшілік білгенін қалаймын.

Өлеңдер жинағы aulzbs@mail.ru/kz сайтында көрсетілген.



Өмірбаяны



Тасболатов Ержігіт Мұхамеджанұлы 1963 жылы 19 қыркүйекте Көктал ауылында дүниеге келді. 1971 жылы Вильямс совхозына көшіп, сол жерде мектепті тәмамдаған. 1981–1983 жж. әскери борышын Таяу Шығыста (Дальний Восток) өтеп, 1984–1986 жылы Арқалық қаласында «Кәсіптік техникалық училищесіне» оқуға түсіп, ойдағыдай аяқтайды. 1986–1989 жж. Арқалықта радиотелемеханик болып жұмыс жасаған. Кейін туған ауылына оралады. 1992 жылға дейін ауылда киномеханик болып жұмыс істеді. Тәуелсіз мемлекетіміз бетбұрыс кезең алған уақытында жеке кәсіппен шұғылданады. 2009 жылы желтоқсан айында отбасы құрып, екі сүйкімді қыздың бақытты

әкесі атанды.

Бойында тұнған ақындық өнерді Ержігіт Мұхамеджанұлы 45 жасында алғаш қағаз бетіне түсіре бастады. Қазіргі уақытта Көктал жалпы білім беретін мектебінде жұмысшы қызметін атқарады, бос уақытында өлең жазумен айналысады. Оның қойын дәптерінде әр жанрда шығармалар жинақталған. Ақын «Туған жерге сағыныш», «Қайран туған жер» деп бір толғаса, «Берекелі-мерекелі Көкталым» деп туған ауылына өлең жолдарын арнады. Сонымен қатар, табиғатқа арналған өлең жолдары да бар «Алақай, көктем келді», «Наурыз айы». Ұлы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына «Жамбыл ата – 175 жыл» шумақтарын арнаса, Мұқағали Мақатаев ақынға «Мұқағали атамыздың 90-жылдығына арналған» тағы бір туынды шығарған. Бұдан басқа Ержігіт Мұхамеджанұлының өзінің «Жан жарыма» деген арнауы махаббат жылуымен жырланса, қызына арнап «Гүлнұрым» деп тағы бірде жырлайды. «Бауырларыма» атты өлеңі адамды жай тебіrentпей қоймайды. Оның жігерлі, өлең жырлары – адам жанының айнасы, жүрек лүпілі, сыры, ішкі сұлулығы мен бұлқынысы ғой. Ақындық, жазушылық шығармашының тек әуесқойлығына ғана емес, талантына да байланысты. «Мен әдебиетші емеспін ғой» - деп айтатыны да бар. Қандай салада қызмет атқарса да, қаламгер үшін талап та ортақ. Осы мәселені жақсы ұғынған, жазғандарына талғаммен қарайтын ақын. Оған өлеңдерін оқығанда көзіңіз жете түседі.

Берекелі мерекелі Көкталым



Кеңге жәйіп ұрпағын
Қараман құлқай, татан сүгірің,
Өзені толы балыққа, ырысы мол халықта,
Көк майсалды Көкталым.

Тату тәтті Ағайын
Бірлігі жақын әрдайым.
Қожалықты дамытқан
Ержан, Ғазиз, Темірхан.

Жәйін біліп ауылдың,
Қамын ойлап шаруаның.
Ақылмен шешіп кеңескен
Күре тамыры Көкталдың.

Көз жауын алғандай мектебі
Шақырар баланы білімге.
Ұстаздар тәлім беріп сауатты,
Шәкірттері заманға сай талапты.

Оң түстікте мешіт тұр
Ақ күмбезі жарқырап.
Қараман сұлтан Аруағы
Жұма намазына шақырып.




Қайран туған жер

Айсыз түндей, көңілім мұндай,
Ойлап кетсем туған жер.
Бұрынғы күйін, қазіргі сиқын.
Иесіз үйлер, мұңсыз тұрған ағаштар.
Төбесі бар, қабырға жоқ, тіреуіші бағандар.
Далада бала, көшеде ит жоқ
Қаңырап қалған моладай.
Айналаң егісі, малдардың өрісі,
Тарылып қалғандай-ау тынысы.
Оңға барсаң егін
Солға барсаң салық.
Алдында жар,
Артыңда жар.
Қайда барсаңда мұңмен зар.



Алақай көктем келді!

Наурыз келді қуаныңдар, балалар
Ұяшыққа жұмсақ мамық салыңдар.
Ұшып келді, қара торғай қарандар,
Алақайлап шапалақты соғыңдар.
Бәйшешектер, қар астынан сығалап
Жердің тонын жібітуге асығар.
Суық ызғары қыстың кетіп,
Ілтипатпен көктемге жолын ашар.




Наурыз айы

Күн мен түн теңдесіп
Көктем келді қуантып.
Құстар келіп қиқулатып, әндетіп.
Сай салаға су толып сықырап,
Жарасады бәйгеге қосқан аттай арқырап.
Бұл не деген тамаша көктем деген,
Жер бетін көк кілемге төселген
Ухлеген шаруаның өзінде.
Езу тартып қуанышқа кенелген.



Алтын күз

Жапырақтар айналып алуан түске
Табиғаттың көркі деген осы емеспе.
Алтын күздің бейнесін салуға
Суретшілер қалам алар асыға.
Он екі ай төрт мезгілге бөлінген
Бір мезгілін Алтын күздің иеленген.
Ағаштары жалаңаштап жапырақтан
Түптерін қалың көрпеге ғып жамылған.
Паналаған бұтақтарын, көп құстар
Күз келді деп жылы жаққа қамданар.
Әуен салып әр түрлі, қанат қағып
Көктемде келеміз деп қоштасар.



Жамбыл ата – 175 жыл

Қазақтың ғасыр сүрген данасың сен,
«Жетісудың жез таңдайы» аталдың сен.
Сүйінбай бабамыздан бата алып,
Үш жүзге аты шыққан Жамбылсын сен.

Ғасыр бойы жыр өлең айтуменен,
Мәз қылып таңдай қақтырдың өнеріңмен.
Із қалдырып артыңа, мәңгі өшпес,
Жыр өлеңді айтуға, ұрпақтарың жалықпас.

Отан соғысында баласы Алғадайда,
Ерлікпен қаза болды қан майданда.
Қайыспады сонда да Жамбыл ата,
Жігер беріп Ленинградтық баласына.

Қыршын жастардың, кегін алуға
Рух беріп өлеңмен, әр баласына.
Отан үшін, жер үшін,
Жауларды түгел жоюға.



Мұқағали атамыздың 90-жылдығына арналған
Дүниенің ашқанда есігін бір жыларсың,
Өте шығар өлшенген гұмыр жасың.
Жалғаннан қоштасарда бір жыларсың
Шындыққа жете алмай налырсың.

Ақты ақ деп, түсінбеген адам надан,
Шыдай алмай, қаның қайнар ызадан.
Турашылсын деп, айып тағар өзіңе
Өмір заны, неліктен болдың қатаң.

Өмірімде көп көрдім деп айталмаймын
Шындықты өтірікпен жамамаймын.
Қайыспаймын тура жолдан таймаймын,
Шындықты айтамын деп, жақпаймын.

Пешенеме жазғанын мен көрермін,
Демім таусылғанша күресермін.
Білекте күш, бойда қуат барында,
Қанат жайып самғаған қырандаймын.

11 ақпан 2021ж.



Қондыбай Мекені

Зейін салып тыңдасаңдар, ағайын
Мен айтайын Қондыбайдың мән-жәйін.
Тайып атам қоныс қылған мекені,
Демеуші болып қастарында ағайын.

Қос күреңі Тайыптың аңыз болған,
Үш мәрте Меккеге барып қайтқан.
Осы сөзім өтірік болса,
Теректінің Мешіті дәлел оған.

Шөбере мен шөпшектері біз боламыз,
Іздерін бабалардың жалғастырған.
Құран бағыштап әр қашан біз жүрейік.
Қорғап жүрсін аруақ ұрпақтарын.

2019 ж.




Сағыныш

Есіме алып ауылымды жас алам.
Жоталанған тауларды сағынам.
Қыста пана, жазда болған көлеңке,
Қайың терек орманымды, сағынам.

Қой жайылған өрісімді сағынам,
Атқа мінген, самал желді сағынам.
Таңмен батысы күйбеңдеген тіршілік
Анашымды! Анашымды! Сағынам.

Әкешімнің құлыным деп маңдайымнан сипаған.
Әр айтқан сөзіңді өсиет деп жанымда сақтадым.
Болмаса да қасымда Әкем мен Анашым,
Сағынады кеудемдегі соғып тұрған жүрегім.



Бауырларыма

Бір құрсақтан туып өскен алтаумыз,
Неліктен алыстап кетті-ау арамыз,
Бала кезгі татулықпен бірлікті,
Өсіп жетіп кеткеніміз бе ұмыт қып.

Тарам-тарам болып кетті ау арамыз,
Жеті атасын ұмытқан ба, баламыз.
Бірін- бірі білмек түгіл танымай,
Қорқамын кетеміз бе жетесіз боп атанып.

Заман мынау құбылмалы болып тұр
Тығырыққа тірелгендей халық жүр.
Ұрпағымыздың санасы уланып
Ғаламторға бұғатталып бала жүр.

Бауырларым, бір ауыз сөзге құлақ түр
Бір біріңнің жиі халін біліп жүр.
Тапсаң да алтын толы қазына,
Бауырыңнан артық жан болмас жалғанда.

07.04.2022 ж.

Жиендеріме

Безектеп айналама қараймын
Темір торға қамалған қырандаймын.
Сағындым алыстағы жиендерді,
Әзілдесіп ойнайтын күндерімді.
Айқайласам шіркін-ай даусым жетпес,
Сағыныштан жүрегім маза бермес.
Бір көріп әзілдесіп марқаятын
Сол күнге де жеткізер аллам қолдап.

Жан жарыма

Сүйген жарым бір мезетке,
Көнелерді еске алшы.
Отағасын үй иесі деп санашы,
Жан күйзеліп, шаршап келгенде,
Қабақ шытпай күлімсіреп қарашы.



Сендерді ойлап күйбендеп мен жүргенім,
Таразыға салып осыны бір ойлашы.
Әйелдерге теңдік берді, ол сенім,
Балаларға бағдар беріп,
Адаспасқа жол тауып.
Тәрбие – тал бесіктен,
Шығармағайсың есіңнен.



Гүлнұрым

Балапаным, Гүлнұрым, нұрын шашқан
Айналайын, күлкіңнен сыңғырлаған.
Тіліңнен балдай тәтті сөздер шығып,
Қуанады ата-анаң есі шығып.

Нық басып аяғыңа тұрып алдың,
Тәтелеп Гүлденіме еріп алдың.
Шынашақтай сүйкімді қызым болып,
Қуанта бер әрқашан қылығыңмен.



Ақ қағазға көз жасым, көк сия боп ағады.
Шіркін жүрек үрей алып, екілене соғады.

Тәй-тәй басқан екі сәби тағдыры,
Көп ойлатып жанымды менің қинады.


Күндер өтіп ай толып, жылдар өтер.



Екі сәби қылтиып өсіп жетер.

Ойымдағы арманым орындалса,

Жүректегі үрейім өшіп-сөнер.

Тасболат шөбересі Ержігіт





Мазмұны	
Құрастырушыдан	3
Өмірбаяны	4
Берекелі мерекелі Көкталым	5
Қайран туған жер	6
Алақай көктем келді!	7
Наурыз айы	8
Алтын күз	9
Жамбыл ата – 175 жыл	10
Мұқағали атамыздың 90-жылдығына арналған	11
Қондыбай Мекені	12
Сағыныш	13
Бауырларыма	14
Жиендеріме	14
Жан жарыма	15
Гүлнұрым	16
Ақ қағазға көз жасым, көк сия боп ағады	17
Туған жерге сағыныш	18

Құрастырушы: Э. С. Таипова
Шығарылымға жауапты: А. К. Мукушова
Қазақ тіліндегі мәтіннің корректоры: Ұ. Қ. Балықбаева
Мұқабаны безендіру: Н. П. Юрченко
Редактор: С. Ж. Серкебаева

Басуға қол қойған күні 18.03.2023 ж.
Пішімі 210*297 1/2. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі Times New Roman.
Көлемі 9,25 шартты баспа табак
Таралымы 3 дана

Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет
және тілдерді дамыту бөлімінің «Әуликөл
орталықтандырылған кітапхана жүйесі»
мемлекеттік мекемесі

110400, Әуликөл с. Сьянов, 53
Тел. 8(714) 53-26-1-86
E-mail: aulzbs@mail.ru/kz